

ЖЕМ - САҒЫЗ

№23 (7883) 11 маусым, Бейсенбі 2026 жыл



<https://zhemsagyz.kz/>



zhemsagyzgazeti@mail.ru

Мереке жаңғырығы

КӨК ТУ КӨККЕ КӨТЕРІЛДІ



Егемен еліміздің айбыны мен ұлттық бірлігінің айшықты нышанына айналған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күні ауданда ерекше сән-салтанатпен аталып өтті. Аудан орталығында ұйымдастырылған «Рәміздер рухы – Конституцияның күші» атты кең ауқымды мерекелік іс-шара тұрғындарды отансүйгіштікке үндеп, елдік құндылықтарды ұлықтаған тағылымды басқосуға айналды. Рухты асқақтатып, ұлттық мақтаныш сезімін оятқан мерекеге аудан тұрғындары, мемлекеттік мекеме қызметкерлері, ардагерлер, жастар мен мектеп оқушылары қатысты.

Салтанатты шара Мемлекеттік рәміздердің қадір-қасиетін дәріптеуге бағытталған мазмұнды бағдарламамен өрбіді. Жиналған жұртшылықтың алдында сөз сөйлеген аудан әкімі Айбек Көпенов барша байғаниндіктерді мерекемен құт-

тықтап, Мемлекеттік Ту, Елтаңба мен Гимннің халқымыз үшін айрықша маңызға ие қасиетті құндылықтар екенін атап өтті. Мерекелік шараның шарықтау шегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын салтанатты түрде көкке көтеру рәсімі болды. Әуеде қалықтаған Көк байрақты зор мақтанышпен қарсы алған аудан тұрғындары, мекеме қызметкерлері мен жастар бір кісідей сап түзеп, Мемлекеттік Әнұранды ерекше тебіреніспен орындады.

Мерекелік іс-шара аясында қатысушылар ел бірлігі мен татулығын, бейбітшілік пен тұрақтылықты насихаттайтын жылы лебіздерін білдіріп, Тәуелсіз Қазақстанның көк байрағы мәңгі биікте желбірей беруіне тілектестік танытты.

«Жем-Сағыз» ақпарат

Таза Қазақстан

СҰЛУЛЫҚ ПЕН ТАЗАЛЫҚТЫҢ СИМВОЛЫНА АЙНАЛҒАН АУЛА



Экологиялық мәдениет пен қоршаған ортаға деген жауапкершілік әр адамның өз табалдырығынан басталады. Осыны түсіне білген қарапайым ғана бір шаңырақтың ауласынан бастау алған игі іс бүгінде тұтас бір көшеге, тіпті ауылға үлгі болып отыр. Қарауылкелді ауылының тұрғыны, 2025 жылы өткен «Таза аула» байқауының жүлделі II орын иегері Айнагүл Бултееваның гүлге көмкерілген ауласы – «Таза Қазақстан» республикалық акциясының нақты нәтижесін көрсететін жарқын мысал. 15 жылдан бері талмай бапталған жасыл бақ бүгінде көрген жанды сүйсіндіріп қана қоймай, өзгелерді де тазалық пен әсемдікке үндейді.

Бүгінде елімізде кең қанат жайған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы – жай ғана сенбілік өткізу немесе көше тазалау шарасы емес. Бұл – туған жерге деген қамқорлықты қалыптастыратын, ұлттың экологиялық мәдениетін арттыруға бағытталған маңызды бастама.

Осындай игі істі үнсіз насихаттап жүрген жанның бірі – Қарауылкелді ауылының тұрғыны, зейнеткер Айнагүл Бултеева. Бүгінде Айнагүл апаның ауласына ат басын бұрған жан өзін ерекше бір гүл әлеміне енгендей сезінеді. Түрлі-түсті гүлдер мен жайқалған ағаштар, көздің жауын алатын жасыл желек пен таза аула бірден назар аудартады. Бұл көрікті бақ бір күнде пайда болған жоқ. Айнагүл Көптілеуқызы гүл өсіру мен ағаш баптауға осыдан 15 жыл бұрын

ерекше қызығушылық танытып, сүйікті ісіне айналдырған. Бастапқыда бірнеше гүлден басталған іс бүгінде үлкен баққа айналып, ауласының сәнін келтіріп тұр.

– Гүл өсіру мен үшін жай ғана ермек емес. Бұл – жан тыныштығы, көңілдің қуанышы. Таңертең оянып, гүлдердің ашылғанын көрудің өзі адамға ерекше күш береді. Өрбір өсімдікті баладай мөпелеп өсіремін. Еңбегіңнің нәтижесін көрген кезде барлық шаршау ұмытылып кетеді. Табиғатқа жанашырлық ең алдымен өз аулаңнан басталуы керек деп ойлаймын, – дейді Айнагүл апа.

Еңбекқор жанның бұл еңбегі елеусіз қалған жоқ. Өткен жылы аудан көлемінде ұйымдастырылған «Таза аула» байқауында Айнагүл Бултееваның шаңырағы жүлделі II орынды иеленіп,

көпшілікке үлгі болған үздік аулалардың қатарынан көрінді.

Ауланың сәнін кіргізіп тұрған гүлдердің түрі сан алуан. Мұнда көздің жауын алатын раушан гүлдері, нәзік пелуниялар, алтын түстес барқытгүлдер, хош иісті лалагүлдер және жыл сайын қайта құлпырып шығатын көпжылдық гүлдер өседі. Гүлдерді тандағанда кейіпкеріміз олардың әдемілігімен қатар, жергілікті климатқа бейімділігіне де ерекше назар аударатынын айтты.

– Өр гүлдің өз мінезі бар. Бірі күнді жақсы көреді, енді бірі көлеңкені қалайды. Сондықтан олардың ерекшелігін ескеріп, күтім жасау керек. Кейде тәжірибе жасап, жаңа гүл түрлерін өсіріп көреміз. Табиғатпен тіл табыса білген адам ешқашан жалықпайды, – дейді бағбан.

Өнеге

ӘР АЙТҚАН СӨЗІ ДУАЛЫ, ҰШҚАН ОҚТАЙ ЖЕБЕДЕН...

Халқының жүрегінен орын алған, гибратты гұмырын ел игілігіне арнаған арда азаматтарды ардақтау – ұлт жадына деген құрметтің жарқын көрінісі. Өткеннің өнегесін бүгінмен жалғап, кейінгі ұрпаққа аманаттау – рухани сабақтастықтың маңызды тетігі. Осы орайда аудандық мәдениет үйінде Ұлы Отан соғысының ардагері, теңіз тарланы, Ленинград қаласының «Құрметті азаматы», халық еміші Елтоқ Сәрсенбайұлының өмір жолы мен адамдық болмысын дәріптеуге арналған тағылымы мол танымдық конференция ұйымдастырылды. Тағылымды шара аясында ардагердің ел аузында сақталған естеліктері мен өмірлік ұстанымдарын арқау еткен «Әр айтқан сөзі дуалы, ұшқан оқтай жебеден» атты жинақтың тұсауы кесіліп, көпшілікке жол тартты.



Жиынға аудан әкімі Айбек Көпенов арнайы қатысып, халқына адал қызмет еткен, ел құрметіне бөленген Елтоқ Сәрсенбайұлының тұлғалық болмысын кейінгі ұрпаққа кеңінен насихаттаудың маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ, кітаптың жарық көруіне қолдау білдіріп, оны жинақтау ісіне атсалысқан азаматтарға ризашылығын жеткізді.

Конференция барысында белгілі тарихшы, педагог, этнограф Ибрагим Ермекбай Елтоқ Сәрсенбайұлының өмір жолы, майдан даласындағы ерлігі, бейбіт өмірдегі халыққа сіңірген еңбегі мен ел арасындағы биік беделі жайында мазмұнды баяндама жасады. Жиналған қауым соғыс жылдарындағы қаһармандық пен бейбіт күндегі шипагерлік қызметі туралы тың деректерге қанығып, ардагердің көпшілік біле бермейтін қырларымен танысты.

Шараның шоқтығы биік сәттерінің бірі – «Әр айтқан сөзі дуалы, ұшқан оқтай жебеден» атты естеліктер жинағының тұсаукесер рәсімі болды. Салтанатты шарада «Ақтөбе Media» холдингінің ди-



ректоры, Қазақстан Журналистер одағы Ақтөбе облыстық филиалының төрағасы Раукен Отыншин, М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы-ректоры Талғар Әбілов және «Елтоқ ата» қорының төрағасы, мәдениет саласының ардагері Қымбат Мырзағалиева жаңа кітаптың тұсауын кесіп, ізгі тілектерін білдірді. Олар еңбектің тарихи құндылығы мен тәрбиелік мәніне ерекше тоқталып, бұл жинақтың келешек ұрпақ үшін құнды мұра болып қалатынын атап өтті.

(Басы. Соңы 2-бетте).



(Басы. Соңы 2-бетте).



СҰЛУЛЫҚ ПЕН ТАЗАЛЫҚТЫҢ СИМВОЛЫНА АЙНАЛҒАН АУЛА

(Соңы. Басы 1-бетте).

Гүлдерден бөлек, аулада сирек кездесетін сәндік және жеміс ағаштары да өсіп тұр. Мәңгі жасыл бозарша (туя), бойшаң шырша, аққайың, ерекше сән беретін катальпа ағашы, аппақ шар тәрізді гүл ашатын бульденеж көз тартса, Қызыл кітапқа енген қызыл алма ағашы бақтың ерекше мақтанышына айналған.

Жеміс ағаштары да мол өнім береді. Құлпынай, шие, алма, қара өрік, қарлыған, өрік, персик, алмұрт пен таңқурайдың екі түрі отбасының дастарханын жаз бойы табиғи өніммен қамтамасыз етеді.

Өрине, мұндай үлкен ауланы күтіп-баптау оңай шаруа емес. Өсіресе көктем мен жаз мезгілінде жұмыс қыза түседі. Күн сайын суару, арам шөптерді жұл, ағаштарды күтіп, аумақты таза ұстау – табандылық пен шыдамдылықты талап етеді.

– Кейде аптап ыстық болады, кейде су тапшылығы сезіледі. Бірақ еңбек еткен адамның еңбегі еш кетпейді. Аулаңның жайқалып тұрғанын көру, таза ортада өмір сүрудің өзі бақыт қой. Әдемілік адамның көңіл-күйіне де әсер етеді. Гүлдерге қарап отырып, шаршағанды ұмытасың. Сондықтан қол қусырып отырмай, әр адам өз үйінің маңын көркейтуге үлес қосса екен деймін, – дейді кейіпкеріміз.

Бұл істе отбасының қолдауы да ерекше. Балалары мен немерелері әрдайым қолғабыс етіп, ағаштарды күтіп-баптауға, аула тазалығын сақтауға атсалысып келеді. Айнагүл апаның айтуынша, еңбекке баулу мен тазалыққа тәрбиелеу – ең алдымен отбасынан басталады.

Әйгерім КАРИМА

– Немерелерімнің табиғатты жақсы көріп өскенін қалаймын. Қазірден бастап гүл егіп, ағаш суаруға көмектеседі. Баланың бойына тазалыққа деген сүйіспеншілікті кішкентайынан сіңірсең, ол ертең қоршаған ортаға жанашыр азамат болып қалыптасады. Тазалық – мәдениеттің белгісі, – дейді ардақты әже.

Шынында да, әсем бақ пен таза аула тек бір отбасының ғана емес, тұтас көшенің ажарын ашады. Бүгінде Молдағұлова көшесіндегі Айнагүл апаның үйіне қызығып, өз аулаларын абаттандыруға, гүл егіп, ағаш отырғызға кіріскен көршілердің қатары көбейген. Бұл – бір адамның ізгі ісі өзгелерге үлгі болып, тұтас ортаға оң әсер ете алатынының айқын көрінісі.

Әңгіме барысында «Таза Қазақстан» республикалық акциясының маңыздылығына тоқталған Айнагүл Бүлтеева бұл бастаманың ел экологиясы мен қоғамдық мәдениетті қалыптастырудағы рөлі ерекше екенін де айта кетті.

– «Таза Қазақстан» акциясы халықты бірлікке, тазалыққа, табиғатты аялауға үндейді. Бұл – өте орынды бастама. Егер әркім өз үйінің ауласын таза ұстап, бір тал болса да ағаш отырғызса, ауылымыз да, еліміз де көркейе түседі. Тазалыққа деген жауапкершілік өзгеден емес, өзімізден басталуы керек. Кейде адамдар «менен не өзгереді?» деп ойлайды. Бірақ бір адамның игі ісі екінші адамға үлгі болады. Сөйтіп жақсы дәстүр қалыптасады. Сондықтан барша тұрғындарды қоршаған ортаға бей-жай қарамай, аулаларын кегалдандырып, тазалықты сақтауға шақырамын, – дейді зейнеткер.

ӘР АЙТҚАН СӨЗІ ДУАЛЫ, ҰШҚАН ОҚТАЙ ЖЕБЕДЕН...

(Соңы. Басы 1-бетте).



Елтоқ атаның есімін ұлықтау ісіне ұзақ жылдан бері жанашырлық танытып келе жатқан «Елтоқ ата» қорының төрағасы Қымбат Мырзағалиеваның еңбегі айрықша. Ол 2018 жылдан бері атаның түнемелік үйінің құрылысы басталған сәттен бастап, 2024 жылы оның толық аяқталуына дейін барлық жұмыстардың басы-қасында жүріп, енді ел аузындағы естеліктерді жинақтап, кітап етіп шығаруға ұйытқы болды.

Қымбат Мырзағалиеваның айтуынша, бір кездері халық емшілері мен әулиелерге қатысты теріс көзқарас қалыптасып, олардың есімін ашық атауға тыйым салынғандықтан, көптеген деректер ауызша сақталып, қағазға түспей қалған.

– «Әулиесін ұмытқан ел – азады» деген сөз бар. Елтоқ ата туралы толыққанды дерек білетін, кереметіне куә болған жандардың көпшілігі бүгінде өмірден озды. Сол олқылықтың орнын толтыру үшін көнекөз қариялардың естігені мен көргенін жинақтап, ұрпаққа жеткізуді мақсат еттім.

Айтжановаға және аудандық орталықтан-дырылған кітапхана жүйесінің басшысы Айгүл Төкенова қолқа салдым. Аудан басшысы Айбек Көпенов те қолдау білдіріп, кітаптың басылып шығуына көмегін тигізді. Сол үшін аудан әкіміне және аудан әкімдігі қызметкерлеріне алғысым шексіз. Өткен жылы Ноғайты ауылында өткен «Туған жерге – тағзым» шарасына қатысуға келген белгілі жерлестеріміз Раукен Отыншин мен Талғар Әбіловке кітап шығару туралы ойымды айтып едім, олар қолдау білдіруге уәде берді.

Уәделерінде тұрып, кітаптың жарық көруіне демеушілік жасап, биылғы 29 мамырда өткен тұсаукесерге арнайы келді. Сол күні мәдениет үйіне халық көп жиналып, атаның басына зиярат етушілердің қарасы да қалың болды. Мұны мен халықтың Елтоқ атаға деген сағынышы, ілтипаты мен шексіз құрметі деп түсіндім. Жан-жақтан – Ақтөбе, Қандыағаш, Шұбар, Атырау, Орал өңірлерінен келген жұрт атаның кітабын алып, өз естеліктерімен бөлісті.

Мәдениет саласының ардагері Қымбат Мырзағалиеваның жетекшілігімен жарық көрген кітап аудан әкімі Айбек Көпеновтің: «...Бұл кітап Елтоқ атаның тұлғалық болмысын кеңінен танытып қана қоймай, елдің рухани бірлігін күшейтуге, жас ұрпаққа өнеге болуға қызмет етеді деп сенемін. Жинақтағы әрбір естелік – өңіріміздің тарихын толтықтыратын, ел жадына түскен құнды дереккөз. Елтоқ атаның дана ойы, ізгілікке толы өмірлік ұстанымы барша оқырманға тағылым болып, жүрекке жылулық пен рухани демеу сыйлайды деп ойлаймын», – деген алғы сөзімен басталады.

Жинаққа Раукен Отыншин, Талғар Әбілов, Қарабай Досқұлов, Рысжан Ілиясқызы, Назарбек Нұрмағанбетов, Ибраһим қажы Ермекбаев, Нұрмұханбет Дияров, Жақсылық Айжанұлы және өзге де ел ағалары мен зиялы қауым өкілдерінің естеліктері енгізілген.

Жалпы, «Әр айтқан сөзі дуалы, ұшқан оқтай жебеден» атты жинақ – бір адамның



Осы мақсатта аудандық «Жем-Сағыз» газетіне хабарлама беріліп, ауылдық округ әкімдіктері арқылы ел ішінен естеліктер жиналды. Жасы үлкен кісілердің жазбаларын реттеп, айтқан әңгімелерін қағазға түсіруде жалғыз өзінің шамам жетпейтінін біліп, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Ақбота Қомытқа, аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Роза

Терімен бөлісті. Халықтың сондай толқынын көргенде еріксіз тебірендім, – дейді Қымбат Мырзағалиева.

Кеш барысында Оймауыт ауылдық мәдениет үйінің бұрынғы директоры, «Оймауыт халық театрының» негізін қалаушылардың бірі Айсан Тәжібаеваның шәкірті Тілектес Байқадамова туған жерге арналған арнауын оқып, әннен шашу шашты.

ғұмырнамасын баяндаумен шектелмейтін, тұтас бір дәуірдің тынысын, халықтың рухани болмысын, ел жадында сақталған асыл құндылықтарды кейінгі буынға жеткізетін құнды еңбек. Елтоқ Сәрсенбайұлының өнегелі өмірі мен игі істері ұрпақ санасында жаңғырып, ұлт руханиятының алтын қорын толықтыра түсері анық.

Әйгерім ӘНУАРБЕК

Спорт алаңы

ВОЛЕЙБОЛДАН АУДАН ӘКІМІНІҢ КУБОГЫ САРАПҚА САЛЫНДЫ

Мемлекеттік қызметшілер күні қарсаңында және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында ауданда салауатты өмір салтын насихаттап, мемлекеттік қызметшілер арасындағы ынтымақ пен ауызбіршілікті нығайтуға бағытталған ауқымды спорттық шара ұйымдастырылды. ҚР Мемлекеттік қызметістері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментімен бірлесіп өткізілген волейболдан «Байғанин ауданы әкімінің кубогы» аудандық турнирі мекеме қызметкерлерінің басын қосып, тартысқа толы қызықты ойындарымен ерекшеленді. Спорт пен сергектікті серік еткен жарыс қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап қана қоймай, адал бәсекелестік пен ұжымдық бірліктің жарқын үлгісіне айналды.

Аудан көлемінде дәстүрлі сипат алып келе жатқан турнирге әртүрлі мекемелерден жасақталған 12 команда қатысып, өзара шеберлік байқасты. Жарыс барысында командалар жеңіске деген жігерлерін көрсетіп, алаңда әдемі ойын өрнегін паш етті. Жанкүйерлер де тартысты кездесулердің куәсі болып, спортшыларға қолдау білдіріп отырды.

Жоғары деңгейде ұйымдастырылған дода қатысушылардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, бұқаралық спортты дамытуға серпін берді.

Турнирдің шешуші кезеңінде командалар арасындағы бәсеке қыза түсіп, үздіктер анықталды. Нәтижесінде бас жүлде – I орынды Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «Ай-

бын» командасы жеңіп алды. Команда мүшелері жоғары дайындық пен ұйымшылдықтың арқасында қарсыластарынан басым түсіп, аудан әкімінің кубогын иеленді. Ал II орын Байғанин аудандық білім бөлімі командасына бұйырса, III орынды Байғанин аудандық әкімдігі командасы қанағат тұтты. Жүлдегер командаларға аудан әкімінің кубогы, медальдар, Алғыс хаттар мен қаржылай сыйлықтар салтанатты жағдайда табысталды.

Командалық сайыспен қатар, жарыс барысында ерекше шеберлік танытқан спортшылар да арнайы номинациялармен марапатталды. Атап айтқанда, «Айбын» командасының ойыншысы Серік Ақниет «Үздік ойыншы» атанса, Аққуанов Заманбек «Үздік байланыстырушы» номинациясына лайық деп танылды. Сондай-ақ Амандық Әбілқайыр «Үздік шабуылшы», ал Болатбек Данияр «Үздік тосқауылшы» атақтарына ие болды.

Мемлекеттік қызметшілерді бір алаңға тоғыстырған бұл турнир салауатты өмір салтын насихаттауға, ұжымдар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы түсіндіру жұмыстарын қолдауға ықпал етті. Осындай игі бастамалар мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қызметпен қатар спортқа да ерекше көңіл бөлетінін көрсетіп, аудан тұрғындары арасында бұқаралық спортты дамытуға тың серпін беруде.

«Жем-Сағыз» ақпарат



Ақын-Жазушылар ауылдарды аралайтын еді

Партия комитеттері ақын-жазушыларды елді аралатып, кездестіретін халықпен. Олар да елім, жерім, халқым деп келетін. Халқы да осы сөздерді олардың ауыздарынан күтетін. Олар келгенде көптен көрмеген туыстарын көргендей жүздерінде жылылық пайда болып, сағыныш сезімдері байқалатын. Ақын-жазушылар да сағыныштарын жеткізетін. Халықпен әрқашан бірге болып, арасында жүретін. Мұңдарын мұңдап, жоқтарын жоқтап дегендей өлеңдеріне, поэмаларына, әңгімелеріне, повесті, романдарына арқау қылатын. Сол арқылы жұрт көпшіліктің ішінде не болып жатқанын білетін еді.

Кездесуді ести салысымен Мәдениет үйлері мен клубтарға қарай жұрт ағылатын. «Бұл жазушылардың кейбіреуін көрген жоқ едім, кітабын оқыдым, қандай кісі екен?» - десе біреуі, «Ана ақын бұрында да келді. Енді өлеңдері керемет, несін айтасың!», - дейді екіншісі. «А, сен бұрын келгенін көріп пе едің? Бұл ақын-жазушы дегендерің қандай болады екен өздері?», - деп таңырқаушылар да табылатын. Оларды көрмекке ынтығатын.

Халық жаппай газет-журналдарды жаздырып алдырады, оқиды, бір-біріне айтады, сауатты болатын бәрі де. Газеттерде кейбір кездері сын мақала жазылады. Ол жазылған сын партия комитеттерінің бюроларында қаралып, кемшілік жібергендерге қатаң шара қолданады, тіпті жұмыстан шығарып жібереді. Сол себептен де журналистермен абайлап сөйлесетін жағдайлар да болды. Ал жазушы мен ақындардың жөндері тіпті белек.

Бір кітап оқымайтын адам кемде-кем болған шығар, бәрі оқыды деп те айтуға болады. Малшы-қойшылардың етіктерінің қоныштарына «Жұлдыз» журналдарын салып жүріп оқығандарын көзімізбен көрдік. Мал да бағыла-



ды, журнал да оқылады. Сонда солар қызметкерлерден бетер, әдебиетке қызығушылықтары жоғары, повесть, романдарды, өлеңдерді жақсы білетін. Жазушы-ақындарды көрмей-білмей «біліп тұрады». Өйткені суретін көреді, жазғанын оқиды. Одан артық қандай мәлімет керек?

Талай жазушылар мен ақындар келді. Біз Байғанин ауданының Крупская атындағы совхозда тұратын едік. Халыққа хабар берілді, жиналды клубқа. Біз де бардық. Мен фотоаппаратымды ала барғанмын. Клубтың іші свет жаққанмен қараңғылау, дегенмен біршама түсті сурет.

Бұл сапарда атақты ақын, композитор, әрі Ақбұлақтың бойында туған Бекір Төлеуұлы Тәжібаев ағамыз бар еді ішінде. Көптеген әндердің авторы, әндері шет елдерге дейін кеңінен тараған ақын еді. Ол кісі 50 жасқа толып, қалғандары ол кісіні қолпаштап келіп отырған. Сонда бұл 1976-шы жыл болғаны. Залға адам лық толды.

Келген ақын-жазушыларды таныстырып, шығармалары туралы айтып, халықты хабардар етті. Одан кейін өздері сөйлеп, жазған өлеңдері мен кітаптарын әңгімеледі. Залдан кейбір адамдар сұрақтар қойды. Арнайы ат басын бұрып келіп отырған Бекір Тәжібаев ағамыз кесіле сөйлеп, өзі туған Байғанин ауданы, оның халқы, жері туралы сыр шертті. Өзінің шығарған өлеңдерінің тарихын да айтып берді. Одан кейін домбыраны алып жіберіп, сол уақыттың өзінде әйгілі



болған, елге кеңінен тараған «Ақбұлақ» әні туралы айтып, соны шықап берді, басқа да өлеңдер айтты. Басқа жазушы ағаларымыз да шығып сөйледі. Кездесу жақсы өтті. Халық әрбір сөздерін қалт жібермей тыңдап, риза болысты. Сыртқа шыққасын мен суретке түсірдім. Бекір ағамыздан автограф алдым.

Енді айтатын, бұл шығармашыл адамдардың әңгімелері тіптен белек.

Былай айтқанда «әңгіменің майын тамызып айтады» дегендей. Әрбір сюжетті бейнелеп, кәдімгі көзінді жұмып отырып тыңдасаң, кітаптан оқып тұрғандай ғып айтады ғой. Мейірің қанғандай, рухани азық алып, көңілің көкке самғап дегендей рахаттанып шығасың. Сөз де үйренесің, әдебиет дегеннің не екенін де білесің, әрі оған да, оны жазғандарға да қызығасың.

әдебиетке қызығушылығы артар ма екен деген ниет еді.

**Мұқанбетулла
Мұрабайұлы КЕМЕР,
Қазақстан Журналистер Одағының,
Қазақстан Жазушылар
Одағының мүшесі,
Қадыағаш қаласы,
Ақтөбе облысы.**

Мәселе

ЕСІРТКІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫНА ТӨНГЕН ҚАУІП

Бүгінде нашақорлық мәселесі әлем елдерімен қатар Қазақстан қоғамын да алаңдатып отырған өзекті әлеуметтік дерттердің біріне айналды. Әсіресе соңғы жылдары құрамын анықтау қиын, әсері аса қауіпті синтетикалық есірткілердің таралуы жағдайды күрделендіре түсті. Бұл кесел бір адамның денсаулығына ғана емес, тұтас отбасының берекесіне, қоғамның қауіпсіздігіне және ұлттың болашағына қауіп төндірді. Күн тәртібінен түспей тұрған осы тақырып төңірегінде біздің ауданда қандай жұмыстар жүргізілуде? Нашақорлықтың алдын алуға бағытталған қадамдар жөнінде не айтқанды? Аудан тұрғындарына медициналық және психологиялық көмек қалай көрсетіледі? Жастарды зиянды әдеттерден қорғаудың жолы қандай? Осы және өзге де сұрақтарды Байғанин аудандық ауруханасының басшысы Досбол Әуезовқа қойған едік...

Нашақорлық – бүгінгі күннің ең күрделі әлеуметтік және медициналық мәселелерінің бірі. Дәрігерлердің айтуынша, бұл дерттің зардабы тек есірткі қолданған адамның өзімен шектелмейді. Оның салдары отбасына, қоршаған ортаға, тіпті қоғамның дамуына әсер етеді. Сондықтан бұл мәселемен күрес тек медицина қызметкерлерінің немесе құқық қорғау органдарының ғана міндеті емес, барша қоғамның ортақ жауапкершілігі.

Байғанин аудандық ауруханасының басшысы Досбол Әуезов аудан аумағындағы жағдай тұрақты бақылауда екенін жеткізді. Айтуынша, денсаулық сақтау мекемелері мен құқық қорғау органдары есірткіге қатысты ахуалға тұрақты



мониторинг жүргізіп келеді. Соған қарамастан, мәселенің өзектілігі жойылды деуге болмайтынын да жасырмады.

– Қазіргі таңда аудан бойынша наркологиялық есепте тұрған науқас жоқ. Бұл – қуантарлық көрсеткіш. Дегенмен қауіп сөйілді деп арқаны кеңге салуға болмайды. Әсіресе жастар арасында синтетикалық есірткілердің таралу қаупі сақталып отыр. Сондықтан алдын алу жұмыстарын бір сәтке де тоқтатпауымыз қажет, – дейді аурухана басшысы.

Дәрігердің сөзінше, синтетикалық есірткілердің ең үлкен қаупі – олардың нақты құрамының белгісіз болуы. Заңсыз жолмен өндірілетін мұндай заттардың құрамында адам ағзасына аса қауіпті химиялық қоспалар кездеседі. Кей жағдайда оларды бір рет қолданудың өзі ауыр улануға, психикалық бұзылысқа немесе қайғылы жағдайларға алып келуі мүмкін.

– Қазіргі жастар арасында «бір рет байқап көрудің зияны жоқ» деген қате пікір кездеседі. Бұл – өте қауіпті түсінік. Есірткінің қауіпсіз мөлшері болмайды. Кейбір синтетикалық препараттар алғашқы қолданудан-ақ тәуелділік

қалыптастыруы мүмкін. Бір сәттік қызығушылық адамның бүкіл тағдырын өзгертіп жіберуі ықтимал, – дейді дәрігер.

Расымен, есірткінің адам денсаулығына тигізетін зияны орасан. Ол ең алдымен адамның орталық жүйке жүйесіне әсер етіп, ойлау қабілетін әлсіретеді, есте сақтау қызметін бұзады, мінез-құлқына өзгеріс енгізеді. Сонымен қатар жүрек-қан тамыр жүйесінің ауруларына, бауыр мен бүйрек қызметінің бұзылуына себеп болады. Ағзаның қорғаныс қабілеті төмендеп, түрлі жұқпалы ауруларға шалдығу қаупі артады. Маман-

дандық аурухана мамандары білім беру ұйымдарымен бірлесе жұмыс жүргізіп келеді. Мектептер мен колледждерде дәрістер, кездесулер, түсіндіру шаралары ұйымдастырылып, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстары жүйелі түрде өткізілуде.

– Біз жастардың есірткіге деген теріс көзқарасын қалыптастыруға басымдық береміз. Психологтар мен медицина қызметкерлері оқушыларға зиянды әдеттердің салдарын түсіндіріп, өмірлік дұрыс таңдау жасауға бағыт



дардың айтуынша, тәуелділіктің алғашқы белгілерін дер кезінде байқау өте маңызды. Адамның мінез-құлқындағы күрт өзгерістер, тұйықталу, ашушандық, төбеттің немесе ұйқының бұзылуы, бұрынғы қызығушылықтарының жоғалуы, жаңа әрі күмәнді ортаға араласуы ата-аналар мен жақындарының назарын аударуы тиіс. Сонымен бірге салмақтың азаюы, сыртқы келбетінің күтімсіз болуы, көз қарашығының өзгеруі де алаңдауға негіз болатын белгілердің қатарында.

Нашақорлықпен күрестегі ең тиімді жол – оның алдын алу. Осы бағытта ау-

береді. Спортпен шұғылдану, шығармашылықпен айналысу, бос уақытты тиімді пайдалану – нашақорлықтың алдын алудағы маңызды факторлар, – дейді Досбол Шынболатұлы.

Ауданның бас дәрігері отбасының рөліне де ерекше тоқталды. Оның пікірінше, бала тәрбиесіндегі ең басты қорған – ата-ананың қамқорлығы мен сенімді қарым-қатынасы. Баламен ашық сөйлесу, оның ортасын бақылау, қызығушылықтарын қолдау және эмоционалдық қолдау көрсету – көптеген қауіптің алдын алатынын айтты.

Әйгерім ЖАРТИНА

ҚАЗАҚСТАНДА ТЕХНИКАЛЫҚ ОҢАЛТУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚАЙТА ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ПИЛОТТЫҚ ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Қазақстанда мүгедектігі бар адамдарды техникалық оңалту құралдарымен (ТОҚ) өтеусіз уақытша пайдалану және қайтару шарттарымен қамтамасыз ету бойынша пилоттық жоба басталады. Жобаның негізгі мақсаты – ТОҚ-пен қамтамасыз ету жүйесінің қолжетімділігін арттыру, көмек көрсету мерзімін қысқарту және ресурстарды тиімді пайдалану.

Қазіргі таңда кейбір техникалық оңалту құралдары ауыстырылғаннан кейін, пайдаланушының қажеттілігі өзгергенде немесе өзге де өмірлік жағдайларға байланысты техникалық тұрғыдан әрі қарай пайдалануға жарамды күйде қалады. Алайда бұған дейін оларды қайтару, тексеру, қалпына келтіру және қайта беру

раптамадан өтіп, қауіпсіз әрі әрі қарай пайдалануға жарамды деп танылған жағдайда ғана қайта қолданысқа жіберіледі. Қайта пайдалануға тек сапалы қалпына келтіруге, дезинфекциялауға және жаңа пайдаланушыға бейімдеуге болатын құралдар ғана жіберіледі. Ал санитарлық немесе техникалық талаптарға



тетігі толыққанды қарастырылмаған еді. Жаңа пилоттық жоба осы мәселені шешуге бағытталған.

Жоба аясында ТОҚ прокат пункттері құрылады. Бұл тек құралдарды беру орны ғана емес, толыққанды сүйемелдеу жүйесі болады. Мұнда ТОҚ қабылдау және беру, техникалық бағалау, санитарлық өңдеу, жөндеу, бейімдеу және пайдаланушыларға кеңес беру жұмыстары жүргізіледі.

Резервтік қор негізінен қайтарылған техникалық оңалту құралдары есебінен қалыптастырылады. Олар арнайы са-

сәйкес келмейтін жеке пайдалануға арналған құралдар қайта берілмейді.

Жоба аясында қауіпсіздік мәселесіне ерекше назар аударылады. Қайтарылған әрбір ТОҚ әлеуметтік-техникалық сараптамадан (ӨТС) өтеді. Сараптама барысында мамандар құралдың техникалық жағдайын, тозу деңгейін, пайдалану қауіпсіздігін және жөндеуге жарамдылығын бағалайды. Осыдан кейін ғана құрал резервтік қорға енгізілуі мүмкін.

Пилоттық жоба уақытша ТОҚ-пен қамтамасыз ету механизмін де қарасты-

рады. Егер негізгі құрал бұзылып қалса немесе жөндеуде болса, адам қажетті оңалту құралынсыз қалмас үшін оған уақытша балама беріледі.

Процестердің ашықтығын қамтамасыз ету үшін цифрлық есепке алу жүйесі енгізіледі. Әрбір ТОҚ-қа жеке есептік нөмір беріледі, ал беру, қайтару, жөндеу және есептен шығару кезеңдерінің барлығы электрондық жүйеде тіркеледі. Бұл жоғалу, мақсатсыз пайдалану және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді.

Балалар мен қозғалыс мүмкіндігі шектеулі адамдарға ерекше назар аудару жоспарланып отыр. ТОҚ бөлу кезінде өмірлік қажеттілік деңгейі, қозғалыс шектеулері және әлеуметтік осалдық ескеріледі.

Әлеуметтік-техникалық сараптаманы Әлеуметтік қорғау саласын дамытудың ұлттық ғылыми орталығы жанындағы арнайы комиссия жүргізеді. Оның құрамына реабилитолог дәрігерлер, техникалық мамандар, әдіскерлер және басқа да бейінді сарапшылар кіреді.

Пилоттық жоба жаңа модельді тәжірибелік сынақтан өткізу кезеңі ретінде қарастырылады. Іске асыру барысында шағымдар, ұсыныстар және практикалық нәтижелер талданып, қажет болған жағдайда резервтік қордың, жөндеудің, бөлудің және ТОҚ-ты қайта пайдаланудың тетіктері жетілдірілуі мүмкін.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, мұндай жүйелер Франция мен Германия сияқты бірқатар елдерде табысты қолданылып келеді. Ол оңалту процесінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге және мүгедектігі бар адамдарға көрсетілетін көмектің сапасы мен қауіпсіздігін төмендетпей, ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

№1 Медициналық – әлеуметтік сараптама бөлімінің басшысы:
Низамутдинова
Алия Амангельдиевна

Редакцияға хат

Алғые айтқыл келеді...

16 жыл бойы қан қысымы дертімен күрескен жолдасым Жасұлан Кенжеғалиев өмірден озғанымен, оның денсаулығына қолдан келген көмегін көрсетіп, әрдайым жанашырлық танытқан терапевт дәрігерлер Нұрахмет Құнбаев пен Нағима Кемешоваға шынайы алғысымды білдіремін.

Сондай-ақ терапевт бөлімінде қызмет етіп жүрген медбикелер мен кіші қызметкерлерге де алғысым шексіз. Қиын күндерде науқасқа қамқорлық танытып, жылы сөздерімен демеу болған ақ халатты абзал жандардың еңбегі әрдайым құрметке лайық.

Кенжеғалиевтер отбасы атынан баршаңызға зор ризашылығымды білдіремін. Еңбектеріңізге толағай табыс, отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін. Жақсылықтарыңыз бен мейірімдеріңіз өздеріңізге еселеп қайтсын!

Маруся Жұбашева

ТӨРТ ТҮЛІКТІҢ ӘЛЕГІ

Қазіргі таңда ауымызда қараусыз жүрген мал мәселесі өзекті күйінде қалып отыр. Төрт түліктің иелері малдарын қараусыз бос жіберіп, қоғамдық орындарда, ауыл ішінің көркін бұзуда, автожолдарда қараусыз қалдырған жағдайда, бұл тек тәртіп бұзушылық емес, сонымен қатар, адам өміріне қауіп төндіретін факторға айналып келеді.

Ауылдық округте арнайы қоралар (айып тұрағы) салынып қараусыз жүрген мал сол жерге қамалады. Мал иесі оны қайтарып алу үшін айыппұл төлеп, малды қараусыз қалдырмау жөнінде ескерту алады. Жыл сайын ауыл әкімдігінде тұғындардың басын қосқан жиын өтеді. Қаншама рет айтылып түсіндірілгенмен нәтиже шықпауда.



Қараусыз жүрген мал әсіресе тас жолдарда және ауыл ішілік орталық көшелерде жол-көлік оқиғаларының жиелуіне себеп болады, сонымен қатар, ауыл ішінде өсіп тұрған жасыл желектерді, талдарды жеп, зиян келтіруде. Мұндай оқиғалардың алдын алу үшін құқық қорғау органдарымен жергілікті әкімдіктер мал иелерін жауапкершілікке тартуға мәжбүр болып отыр. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодекстің 408 бабы (Ауыл шаруашылығы жануарларын жою қағидаларын бұзу) бойынша айыппұл салынуда.

Ауыл аралап, көше кезіп кеткен жануарларға да кінә таға алмайсың. Осының бәрі бақташының жоқтығы. Ауылда сендей соғылысып, екі қолға бір күрек таппай, ауданның жұмыспен қамту мекемесінде тіркеуде тұрған жұмыссыздар жетіп артылады. Өкінішке қарай оларды мал бағуға ұсыныс жасалғанымен бақташылыққа ешкім шықпауда. Осындай жағдайлар ауыл әкімдері мен тұрғындарды тығырыққа тіреп отыр. Қазіргі уақытта ауылдың мал бағымы – бүгінгі күннің толғағы ең өзекті мәселеге айналып отырғандығы шындық. Шешімін табу қиынның қиыны.

«Қарауылкелді ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі

ЖЕМ - САҒЫЗ

Директор — Редактор Ұлықпан ҚАДІР

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді. Оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Авторлық мақалалар редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Жарнамалар мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. * Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордан алынды.

Балмағанбет Нұрлан Қанымқұлұлы

Балмағанбет Нұрлан Қанымқұлұлы 1950жылы 24 қарашада Шұбарқұдық кенті Темір ауданында дүниеге келген. 1967жылы Комсомолдың ХХХ жылдығы атындағы орта мектебін бітірген. 1976жылы Ақтөбе индустриалдық-педагогикалық техникумын бітірген. Кеңес армиясы қатарында болған. 1978 жылдан Қарауылкелдідегі автотранспорт кәсіпорында жүргізуші, механик, бас инженер қызметтерін атқарды. 1992 жылдан осы кәсіпорынның директоры, 1995 жылдан «Сапар» акционерлік қоғамының президенті болды.

Нұрлан зейнеткерлікке шыққанға дейін Байғанин ауданында қарапайым жүргізушіден кәсіпорынның директорлығына дейінгі қызметті абыроймен атқарды. Соның нәтижесінде 2001 жылы ауданнаң «Жыл адамы» атанды. Еңбекқор, іскер, адал азамат болатын.

Нұрлан Қанымқұлұлының дүниеден өтуіне байланысты оның отбасына және туысқандарына қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.

Байғанин ауданының ардагерлер кеңесі

ОРМАН-ДАЛА ӨРТТЕРІНЕ ЖОЛ БЕРМЕЙІК

Халқымыздың өртті тілсіз жау деп айтуы негізсіз емес - себебі, өрт күтпеген жерден басталып, көптеген жылдар бойғы маңдай термен жиган терген дүние-мүлкіңді лезде аяусыз жалмап әп-сәтте жоқ қылуы ғажап емес. Осындай тілсіз жаудан сақтанудың ең қарапайым жолы оның алдын-алу, және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау.

Аудандық «Жем - Сағыз» газеті бетіне өрттердің алдын-алу мақсатында ай сайын мақалалар беріліп, Төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлері аудан көлемінде өрттердің алдын-алу мақсатында түрлі шаралар атқарып келеді. Өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлері арқылы аудан тұрғындарына өрттердің алдын-алу мақсатында өрт қауіпсіздігін сақтау жөнінде жаднамалар таратылуда. Жоғарыда көрсетілген өрт қауіпінің алды-алу жөніндегі шараларға қарамастан аудан көлемінде өрт оқиғалары әлі де азаймай келеді. Себебі немқұрайдылық, мән бермеушілік, жауапсыздық бар жерде өрттердің болуы қалыпты жағдай.

Жазғы күннің ысып, өрт қаупі күшеюіне байланысты аудан бойынша далалық өрттердің болу қаупі де ұлғаяды. Әрбір жекелеген азаматтар, түрлі меншік нысанына қарамастан ұйымдар басшылары, шауашылық құрылымдар басшылары, өртке байланысты ойлы көзқараспен қарап, түрлі бағыттағы жолмен жүру кезінде шеккен шылымдарын көлік терезесінен лақтыра салмай - дұрыстап сөндіріп жүрсе, техникаларын жөндеуден өткізілген соң пайдаланып, уақытылы қарап тұрса, көптеген өрт оқиғаларының алдын-алуға болар еді.

Өрт қаупі күшейетін жаз мезгілінде, жолды жөндеумен күтуге тиісті жауапты мекемелер, кәсіпорындар жол жиегіне өскен құрғақ шөптерді қырып тастап отыруы тиіс. Себебі бұл шара да өрт қауіпсіздігін сақтаудың бірден-бір кепілі. Кей жағдайда бола қалған өрттер кезінде жолдың арғы жағынан басталған өрт орылмаған қаулаған шөптерге тиіп екінші бетіне ұласып жатады.

Аудандық телекоммуникация торабы мекемесі, аудандық электр желілері мекемелері әуе арқылы тартылған телефон, электр линиялары бағаналарының түптерінің шөптерін орып, тазалап оты-

рулары тиіс. Немесе екі жағынан жырттылып өрттен сақтау шаралары алынуды қажет. Осы секілді жерлері бар шаруа қожалықтары да жер жырту арқылы өз жерлерін өрттен қорғауға міндетті.

Әрбір мекемедегі қызметкерлер арасынан, әрбір селолық округтердегі елді мекендер тұрғындары арасынан ерікті өрт сөндіру жасағы құрылып, мекеме ұйымы, елді мекендер аумағында өрттерді сөндіруге жұмылуы қажет. Болып жатқан өрттерді сөндіру тек қана өрт сөндіру бөлімі қызметкерлерімен аудандық, селолық округ әкімшілігіне ғана қажет деу өте қате пікір. Қазіргі уақытта аудан көлеміндегі жерлердің көпшілігі өркімнің жеке-меншігі болып табылады. Әрбір шаруашылық құрылым басшыларымен жекелеген адамдар өздерінің жеке мүліктерін және жерлерін өрттен қорғауға тікелей міндетті екендіктерін естен шығармаулары тиіс.

Аудан көлемінде орналасқан шаруа қожалықтарына, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қарасты мал баздары, қыстақтары олардың мал азығын дайындайтын техникалары өрт қауіпсіздігіне орай заңға сәйкес тиісті тексерулерден өткізіледі. Барлық мал қыстақтарындағы мал баздарының сыртқы аумағындағы жерлер үйілген шөп скирдтерінің айналасы жырттылып сыммен қоршалуы тиіс. Пішен маяларын электр желілерінің жақын орналасқан жерлеріне жинауға тияым салынады. Жиналып қалған қоқыстардан, қалған құтқан сақ қарабуларалардан қора қопсылардың айналасына тазартылуы тиіс. Барлық ауыл шаруашылық техникалары алғашқы өрт сөндіру құралдарымен /күрек, киіз, сыпыртқы, сапалақ, өрт сөндіргіштермен/ жабдықталулары шарт. Шаруашылық құрылымдары өздеріне тиесілі жерлердің аумағын жырту арқылы өрттен қорғауы қажет.

Байғанин ауданының ТЖБ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ - ОРТАҚ МІНДЕТ

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мемлекеттік саясаттың негізгі басым бағыттарының бірі болып табылады. Бұл бағыттағы жұмыстардың басты мақсаты – қоғамда заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ мемлекеттік қызмет пен қоғамдық қатынастардағы ашықтық пен әділдікті нығайту.

Сыбайлас жемқорлық тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның дамуына кері әсерін тигізетін жағымсыз құбылыс болып саналады. Сондықтан оның алдын алу әрбір азаматтың, әрбір ұйым мен мекеменің ортақ жауапкершілігі болып табылады. Заң талаптарын сақтау, адал еңбек ету, әділ шешім қабылдау және қоғам игілігіне қызмет ету қағидалары сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негізін құрайды.

Бүгінде мемлекеттік мекемелерде ашықтықты қамтамасыз етуге, азаматтармен кері байланысты нығайтуға және мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. Электрондық қызметтердің дамуы, цифрлық технологиялардың енгізілуі және қоғамдық бақылау тетіктерінің кеңеюі жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік беріп отыр.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға түсіндіру жұмыстарының маңызы зор. Осы мақсатта мекемеде тұрақты түрде ақпараттық түсіндіру іс-шаралары ұйымдастырылып, қызметкерлер арасында заңнама талаптарын сақтау, қызметтік

өдеп нормаларын ұстану және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу мәселелері бойынша жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар азаматтардың өтініштерімен жұмыс істеу барысында ашықтық пен жариялылық қағидаларын сақтау басты назарда ұсталыды.

Қоғамда парасаттылық құндылықтарын дәріптеу, жастардың бойында адалдық пен жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру да маңызды міндеттердің бірі. Өйткені сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет ең алдымен отбасыдан, білім беру ұйымдарынан және еңбек ұжымдарынан бастау алады.

Әрбір азамат заң талаптарын құрметтеп, қоғамдық мүддені жеке бастың пайдасынан жоғары қойған жағдайда ғана сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нәтижелі болады. Адалдық пен әділдік қағидаларын берік ұстану арқылы біз құқықтық мемлекет пен дамыған қоғам құру жолындағы маңызды мақсаттарға қол жеткізе аламыз.

«Байғанин аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ

«Жем - Сағыз» газеті редакциясының мекенжайы:
030300, Байғанин ауданы
Қарауылкелді селосы,
Д. Қонаев көшесі, №35

Газет аптасына бір рет шығады
Индексі: 65512
Таралымы 1404
Тапсырыс №843
Көлемі 1 баспа табақ.